

Зекет екі түрге бөлінеді

1. Өз еркімен берілетін садақа: Адам тек ғибадат мақсатымен жұмсайтын кез келген мал-мүлік.

2. Міндетті:

Ол екі түрлі болады:

Пітір садақасы:

Бұл ораза айтында берілетін садақа. Ол әр ересек және бала, ер және әйел, құл және еркін мұсылман үшін парыз.

Мал-мүліктен берілетін зекет:

Бұл белгілігі санаттағы адамдарға немесе белгіленген бағытта белгілі мал-мүліктен шариғат бекіткен міндетті бөлікті төлеу (беру) арқылы Аллаһ Тағалаға құлшылық ету. Бұл исламның үшінші тірегі,

әрі оның төрт түрі бар:

1

Алтын мен күмістен:



Сондай-ақ солардың орнына жүретін ақша және сол сияқты нәрселерден берілетін зекет. Алтынның зекет шығару міндетті болатын мөлшері (нисабы) – 20 мискаль (85 г), ал күмістің нисабы – 200 дирхам (595 г.)

4

Саудадағы тауарлардан:



Сатып алуға және сатуға арналған кез келген тауар.

3

Егіннен:



Жиналған дәнді дақылдар мен жемістерден берілетін зекет.

2

Мал-жануардан:



Рұқсат етілген жайылымда жылдың басым бөлігінде немесе жыл бойы жайылып бағылатын малдан берілетін зекет. Олар: түйелер, сиырлар және қойлар.

Зекет берілетін адамдар:

Бұл өздеріне қажет нәрселердің көпшілігіне немесе жартысына ие адамдар. Бір жылда адамға 12000 қажет деп есептесек, 6000-нан аз мал-мүлкі бар адам мұқтаж, ал 6000-ға немесе одан да көп, бірақ 12000-нан аз мал-мүлікке ие адам кедей болып табылады. Зекет 1 жылға төленетіндіктен, бұл санаттағы адамдарды жыл бойына жететіндей мөлшерде қамтамасыз ету қажет.

Кедейлер 2

Бұл мұқтаждық қысқан, ешнәрсесі жоқ немесе қажетті нәрселерінен әлдебір бөлігі ғана бар адамдар.

Мұқтаж адамдар 1

Бұл зекетті жинайтын және сақтайтын, және оларға оны бөлу бұйырылған адамдар, олардың жұмысын әмірші бақылауға алады. Бұл адамдардың мұқтаж немесе кедей болулары міндетті емес. Оларға зекет бай болса да беріледі.

Зекетпен байланысты 3 адамдар

Оларға зекет олардың Исламды қабылдауы үмітімен; не олардың зұлымдықтарынан сақтану үмітімен; немесе имандарын күшейту үмітімен беріледі.

Жүректерін қаратуды қалағандар. 4

Бұған сарбаздар, сондай-ақ оларға керек қарулар мен басқа да нәрселер жатады.

Аллаһтың жолында жұмсау үшін. 7

Оларға келесілер жатады:
1. Мукатаб – өзін өзі қожайынынан сатып алған мұсылман құл.
2. Мұсылман құлды азат ету.
3. Тұтқынға түскен мұсылман.

Құлды сатып алып, азат ету үшін. 5

Сапарда кезінде мал-мүліктерінен айырылып қалған және қаражаттары біткен адамдар. Ондай адамдарға еліне қайтуларына жететін мөлшерде зекет беріледі.

Сапарда қалып қойғандар. 8

Ө. Екі адамды өзара татуластыру үшін қарыз алғандар.
А. Өздерінің қажеттіліктері үшін қарыз алғандар.

Қарызды (борышты) адамдар. 6